

тұр. Көркем әдебиетіміздің тамаша үлгілері ретінде Ғ. Мүсірепов туындыларының қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алғаны халқымыз үшін мақтаныш. Уақыт керуені тоқтамай үздіксіз жылжып жатыр, ал қара сөзбен айшықталған әсем ойлар, көркем көріністер санамызда өшпестей болып нұрланып тұра бермек. Ғабеннің туындылары ескірмейді, бүгінгі жиырма бірінші ғасырдың оқырмандары үшін де тозаң тимеген алмастай жарқырай береді» [6,58].

**Қорытынды.** Шындығында, ғалым Н. Ғабдуллиннің “Ғабит Мүсірепов драматургиясы” атты еңбегі қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, тың, оқшау тұрған зерттеулер қатарында. Жанр табиғатына терең бойлаған зерттеушінің аталған еңбектері қазақ драматургиясының тарихын жасады. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті төрінде ерекше орын алар парасатты ғалымның зерттеушілік мұралары елеулі еңбектер қатарына жатады [6,7].

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Нұрғали Р. Арқау. I-том. – Алматы: Жазушы, 1991. - 576 бет
- 2 Қирабаев С. Н. Ғабдуллин. – Қазақ көркем сөзінің шеберлері. – Қарағанды: Экожан, 2010. – 512 бет
- 3 Классикалық зерттеулер. Көп томдық. 31-том. - Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. - 412 бет
- 4 Мүсірепов Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. – Алматы: Жалын, 1987. – 124 бет
- 5 Мүсірепов Ғ. Тұтқын қыз. – Алматы: Балауса, 1993. – 512 бет
- 6 Қалижанов У. Ойкөз. - Алматы: Тау - Самал, 2012. – 424 бет
- 7 Таңжарықова А., Сатемирова Д., Келгембаева Б. Қазақ прозасындағы мифтің көркемдік қызметі//ҚазҰПУ Хабаршысы, филология ғылымдары сериясы 2020 №2(72). Б-366-371.
- 8 Әбдіғазизұлы Б., Абиыр Қ. Тарихи тұлға және деректілік ҚазҰПУ Хабаршысы, филология ғылымдары сериясы 2020 №1(71). Б-279-286.

References:

1. Nūrǵalı R. Arqau. I-tom. – Almaty: Jazuşy, 1991. - 576 bet
2. Qirabaev S. N. Ğabdullin. – Qazaq körkem söziniñ шеберлері. – Qaraǵandy: Ekojan, 2010. – 512 bet
3. Klasikalıyq zertteuler. Köp tomдық. 31-tom. - Almaty: Ädebiet älemi, 2014. - 412 bet
4. Mūsrepov Ğ. Ädebiet – käsip emes, öner. – Almaty: Jalyn, 1987. – 124 bet
5. Mūsrepov Ğ. Tütqyn qyz. – Almaty: Balausa, 1993. – 512 bet
6. Qalijanov U. Oiköz. - Almaty: Tau - Samal, 2012. – 424 bet
7. Tañjaryqova A., Satemirova D., Kelgembaveva B. Qazaq prozasındaǵy miftiñ körkemdik qyzmeti//QazÛPU Habarşysy, filologia ǵylymdary seriesy 2020 №2(72). B-366-371.
8. Äbdıǵaziüly B., Abiyr Q. Tarihi tülǵa және derektilik QazÛPU Habarşysy, filologia ǵylymdary seriesy 2020 №1(71). B-279-286.

МРНТИ 14.07.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.51>

Иманғали Ө.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

## ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «ТӘУЕКЕЛ ТОЙ» ӘНГІМЕСІНІҢ ПОЭТИКАСЫ

### Аңдатпа

Осы заманғы қазақ көркем әдебиетінің алатаудай заңғар биігі, қазақ сөз өнерінің кемелденуі мен шымырлануына өлшеусіз үлес қосқан талантты жазушылардың бір де бірегейі – Шерхан Мұртаза. Қаламының ұшымен халықтың өткені мен бүгінінің сан-қилы тағдырын тебірене, күйіне, сүйіне суреттеген жазушының әдеби мұрасының ішінде, шағын жанр әңгімелерінің, әдебиетімізде алар орны ерекше.

Еліміз тәуелсіздігін алып, ұзын құрық, кең тұсауға қол жеткізген тұстан бері, ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Осы мезгілге дейінгі ұлт басынан өткен өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру үшін қызмет ету – жазушының басты міндеті. Себебі, жазушының ең асыл мұраты – халық мүддесі [1,14]. Осыны ескерсек, Шерхан Мұртазаның тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі жазған әңгімелерінде қазақ халқының өмір соқпағындағы түйткілдер мен келеңсіздіктер, дарақылықтар мен даңғойлықтар реалистік тұрғыда, ашты әжу сарказммен, жұмыр да тартымды етіп айшықталған.

Мақалада жазушының «Тәуекел тойы» әңгімесіне әдебиет теориясына сүйене отырып, талдау жасалған. Әңгімелердің сюжеттік-компазициялық құрлымын талдау арқылы, шығарманың идеялық мазмұны терең талданады.

Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындайды. Әңгімеге арқау болған жазушының концепциясын (дүниетанымын) айқындау үшін, шығарманың көркемдік әлеміне, оқиғалардың маңыздылығы мен образдардың бейнелілігіне, шығарма тілі мен стиліне зерттеу жүргізілген.

**Түйін сөздер:** әңгіме, композиция, сюжет, кейіпкерлер әлемі, көркемдік тілі т.б.

*Imangali O<sup>1</sup>.*

*<sup>1</sup> Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

## POETICS OF SHERKHAN MURTAZA'S STORY "ТАУЕКЕЛ ТОЙ"

*Abstract*

One of the talented writers who made an invaluable contribution to the development and development of modern Kazakh fiction is Sherkhan Murtaza. In the literary heritage of the writer, a special place in literature is occupied by stories of small genres, in which he described the tragic fate of the past and present people with his pen.

More than a quarter of a century has passed since our country gained independence and received wide recognition. Serving the truth of the life experienced up to this time by the nation in order to turn it into an artistic reality is the main task of the writer. Because the noblest ideal of a writer is the interests of the people [1,14]. With this in mind, Sherkhan Murtaza's stories written after the dawn of independence, problems and disappointments in the life of the Kazakh people, individuality and prerogatives are expressed realistically, with obvious sarcasm, with a mysterious and attractive accent.

The article analyzes the writer's story "Тауекел той" based on the theory of literature. Through the analysis of the plot and compositional structure of the narrative, the ideological content of the work is deeply analyzed. Defines the relationship of the author's idea in the work with the reality of life. To determine the concept (worldview) of the writer, embedded in the narrative, a study of the artistic world of the work, the significance of events and imagery, language and style of the work.

**Keywords:** story, composition, plot, world of characters, artistic language, etc.

*Имангали О.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Казахский Национальный педагогический университет им. Абая  
Алматы, Казахстан*

## ПОЭТИКА РАССКАЗА ШЕРХАНА МУРТАЗЫ "ТАУЕКЕЛ ТОЙ"

*Аннотация*

Один из талантливых писателей, внесших неоценимый вклад в развитие и развитие современной казахской художественной литературы – Шерхан Муртаза. В литературном наследии писателя особое место занимают рассказы малых жанров, в которых он своим пером описывал трагические судьбы прошлого и настоящего народа.

Прошло более четверти века с тех пор, как наша страна обрела независимость и получила широкое признание. Служение истине жизни, переживаемой до этого времени нацией, чтобы превратить ее в художественную реальность, является главной задачей писателя. Потому что самым благородным идеалом писателя являются интересы народа [1,14]. С учетом этого, в рассказах Шерхана Муртазы, написанных после рассвета независимости, проблемы и разочарования в жизненном пути казахского народа, индивидуальности и прерогативы выражены реалистично, с явным сарказмом, с загадочным и притягательным акцентом.

В статье сделан анализ рассказа писателя «Тауекел той» на основе теории литературы. Посредством анализа сюжетно-композиционной структуры повествования глубоко анализируется идейное содержание произведения. Определяет связь авторской идеи в произведении с реальностью жизни. Для определения концепции (мировоззрения) писателя, заложенной в повествовании, проведено исследование художественного мира произведения, значимости событий и образности образов, языка и стиля произведения.

**Ключевые слова:** рассказ, сочинение, сюжет, мир героев, художественный язык и др.

Әттен, бір кем дүние-ай!  
Ш.Мұртаза

**Кіріспе.**Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдегі ақпараттар ағымы мен түрлі мәдениеттердің тоғысы көркем әдебиетке деген көпшіліктің ынтасын басқа арналарға бұрып кетіп бара жатқаны байқалады. Дегенмен, сөз үнемдеп,

ой жинақтап, негізгі бір оқиғамен оқырманды өзінің көркемдік әлеміне жетелеп, сұлулық әлемінің құдіретіне еріксіз елітетін, эпсотың шағын үлгілерінің бірі- әңгіме жанрының, өз маңыздылығын жоймағанына куә болып жүрміз. Сондай әңгімелердің қатарына заманымыздың заңғар жазушысы – Шерхан Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімелерісін атауға болады.

Әңгіме - болмысында қысқа болғанымен, үлкен жауапкершілік, бақылағыштық парасат пен шебер талантты талғайтын жанр. Әңгіме деп ат қойып, айдар таққан дүниенің барлығы бірдей әңгіме жанрына қойылатын талаптарға жауап бере бермейтіні анық.

Қазақ әдебиеттану ғылымында өзгенің сұрлеуімен жүрмей, соны із қалдырған әдебиеттанушы ғалым Серік Мақыров өзінің «Адамтану өнері» деген еңбегінде әңгіме жанрының ерекшелігі туралы: «Әңгіме эпикалық жанрдың шағын түрі, сондықтан онда көбіне-көп адам өмірінің жекелеген сәтін танытатын бірер оқиға ғана баяндалады. Осы мақсатқа сай әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлердің саны да мейілінше шақтаулы болып келеді. Әңгімеде баяндалатын оқиғаның мейілінше шектеулілігі, кейіпкерлер санының аздығы, құрлысының жинақтылығы, көлемінің шағындылығы бұл жанрдың жеңілдігін емес, қайта қиындығын көрсетеді. Автор уақыт жағынан мейілінше қысқа мерзім ішінде кейіпкерлер өміріндегі біреу де болса бірегей оқиғаны көркем баяндау, суреттеу арқылы оқырманға олардың адамдық болмыс-бітімін айқындап беруі керек. Бұл әрине оңай іс емес. Осы міндетті мінсіз орындау үшін өмірді, оның заңдылықтарын білу өз алдына, ең бастысы оның бір сәтінің тынысын аядай уақыт шеңберіне көркем де кемел таныта білу керек, бұл қаламгерден талант пен суреткерлік шеберлікті талап ететін шарттар.», - деген дәл анықтама берілген». [2,117]

Ағылшын жазушысы Уильям Сомерсет Мозм «Әңгіме, ұзын-қысқалығына қарай он минуттан бір сағатқа дейін оқылатын, әбден аршылып алынған бір-ақ нәрсе, бір ғана оқиға немесе бірігіп кеткен бірнеше оқиғалар тізбегі туралы жазылған шағын шығарма. Әңгімені еш нәрсе қосуға да, алуға да болмайғындай етіп жеткізу керек»- деген пікір айтқан. [3,250]. Саңылақ жазушы да әңгіменің жанрлық ерекшеліктеріне тоқтала келіп, жазушының бойындағы екі қасиетке: қысқа жазу мен шебер жазудың арқасында әңгіменің мерейі үстем болатынын айтқысы келген.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымында эпостың кең көлемді түрлері (эпопея, роман) мен шағын көлемді түрлер (анекдоттар, мысалдар, астарлы шағын әңгімелер) арасындағы орташа шағын көлемді түрлер де бар екені мәлім.

Батыс және орыс әдебиеттанушыларының кейбіреулері орта көлемді эпикалық жанрға негізінен повестер мен новеллаларды және әңгімелерді де жатқызып жүр. Ал төл әдебиетімізде әңгіме шағын көлемді жанр түрі. Сөзімізге дәлел, академик З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» кітабында : «Әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің айырықша асыл үлгісі», - деп анықтама берген болатын. [1,303] Батыс әдебиетінде әңгімеге нақты бір анықтама берілмеген. Мысалы неміс әдебиетінің өзінде әңгімені новелланың алдындағы әңгіме немесе қазіргі әңгіме деп атайды. Ағылшын әдебиеттануында short story, novelette (short novel), «short prose narrative» деп, әр түрлі атап жүр. Осыны ескерсек, қазақ әдебиетінде әңгіме жанр ретінде қалыптасып қалғаны байқалады. Себебі әдебиетіміздегі әңгіменің бастауы ауыз әдебиетінде жатыр.

Қазақ прозасындағы әңгіме жанрында қалам тербеген Б. Майлин, Ж. Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтердің шығармалары аталған жанрды шырқау биікке көтеріп, сол арқылы өзіндік шеберліктерінде паш еткені даусыз. Шерхан Мұртаза да жоғарыда аталған жазушылардың шығармаларымен таныс болған. Шеберлікті шындау, дәстүр жалғанстығын сақтау Шерхан Мұртаза әңгімелерінде аздап та болса байқалатындығын көзі қарақты оқырманың аңғармауы мүмкін емес. Жазушы тақырыпты алыстан іздемейді, көзі көрген, көкірегі түйген өмірлік ақиқат жайттарды әңгімелерінде қорытады. Сюжетке іліккен жайттардың барлығы оны қоршаған өмірлік материалдар екенін көркем мәтінді оқи отырып байқаймыз, кейіпкерлер арқылы жазушының дүниетанымына бойлаймыз.

Бүгінгі көркем әдебиетте реалистік шығармалар мен қатар модернистік, постмодернистік шығармаларда жазылып, кең қанат жайып, даму үстінде. Бірақ, реалистік шығармаларға деген қызығушылық оқырмандар тарапынан қай жанр болса да сұранысқа ие екендігі дәлелденіп келеді. Соған сәйкес жазушылар тарапынан өмірде болған, өзіміз күнделікті өмірде көріп жүрген қарапайым адамдардың ішкі болмысын таныту, адамдар арасындағы қарым-қатынасты көркемдік тұрғыда бейнелеу бүгінгі күнгі шағын прозаның басты мәселесінің бірі болып отыр.

**Зерттеу материалы.** Қазақ қара сөзінің марқасқасы Шерхан Мұртазаның қазіргі ғасыр басынан бастап шағын проза жанрында қалам тербегені барша оқырманға мәлім. Жазушының Алматыдағы “Атамұра” баспасынан 2003 жылы жарық көрген “Соғыстың соңғы жесірі” атты кітабына бұрындары жазылған шығармаларымен бірге кейінгі “Алапар мен Динго”, “Бұршақ”, “Тәуекел той” сықылды әңгімелері топтастырылған. Жазушының «Тәуекел той» әңгімесін аналитикалық талдау үшін, алдымен тақырыптың таңдалу талабын таразыласақ. Әңгімеге арқау болған тақырып - қазіргі қазақ өмірінің ажырамас бөлігі, туған-туыс, ет-жақынды шақырып, қуанышты бөлісетін той мәселесі. Той сөзі түсінікті. Ал, тәуекелші? Тәуекел - бір іске жалтақтамай батыл кірісу, белді бекем буу, қалай аяқталатыны анық емес және табысты болмаған жағдайда жағымсыз салдары болуы мүмкін іс-әрекеттің жағдаяттық сипаты. Дана халқымыз тәуекелді екіге бөлген: көз жұмбай тәуекел (әйтеуір бір сәті болар), нар тәуекел (сәтті болады, әбден ойластырылады) [4, 316]. Әңгіменің басты кейіпкері көз жұмбай тәуекел жасайды. Жазушы өз халқының өміріндегі жарыса даңғазы той жасайтын, даңғойлық, ысырапшылық, дүниеге деген бәсекелестіктің көшіне ілесем деп, шама жетпес ауыр жүкті арқалап, тыраштанып, титықтап, ақыры трагедиялық хәлге душар болатын ел арасындағы қарапайым адамдардың ойсыз әрекетінен опық жейтін тағдырын тақырыпқа теліген. Ел ішіндегі белең алып бара жатқан осынау ессіздікті ескерген жазушының бойындағы жіті бақылағыштық пен терең интуиция – тақырыптың өзекті екендігін таныған. Ел ішіндегі кесапат пен кеселдің, жара мен жыртықтың індетке

айналуынан сақтану үшін жазушы көркем шығарма арқылы ақиқатты танытатын жол нұсқайды. Осы тұрғыда, жазушы заманның тамырын дәл басқан. Жазушы таңдаған тақырып – бүгін қазақ өмірінің бір кем дүниесі.

Әңгіменің композициясы шымыр да ширақы құрылымдалған. Бірізді диалог арқылы баяндалады. Оқиға желісі тура экспозициядан: Керімқұл ұлы Нұркенді үйлендірмекші болып, аталас ағайыны Төкенмен ақылдасуға келуінен басталады. «-Тойды қайда өткізбешісің? Үйінде ме? - Жоқ, - деді Керімқұл шоқ басып алғандай шошып кетіп.- Үйге кім сияды? Мен бес жүз адам шақырамын.» [5,277]. Осы сюжеттік диалогтағы басты кейіпкер Төрәқұлдың бір ауыз сөзіне жазушы оның бойындағы біршама мінезді сыйғызады. Кейіпкердің салмақты, өз-өзіне сенімді сөзі оның алдағы болар оқиғаларда мінезділігінің сақталып қаларына оқырманды бірден күмәнмен ойлауға итермелейді. Әрі қарай Төкеннің Керімқұлға деген шынайы жанашырлық ойлары ішкі монологтар арқылы суреттеледі. «Маған десе мың адам шақырсын? Бірақ, ақшаны қайдан табады?» [5,278]. Бауыр еті баласының қызығынан кім аянар дейсіз? Бірақ дарақылық пен ысырапшылдыққа наразы жазушының объективті идеялары авторлық баяндаулардан аңғарылып тұрады. «...Басқа ішіп-жемді айтпағаныңда, бес жүзіне шамамен екі жүз елу бөтелке арақ-шарап қажет» [5, 278],-деп, қазақ тойындағы тағы бір дарақылыққа автор қынжыла, күйзеледі. Оқиға желісінің байланысуы той күні болып, тойға қонақтардың келуімен өрбиді. Тойға келген қонақтарды күтіп алып жүрген той иесінің дәмесі – қонақтардың тойға әкелген той сыйы. Жазушы композицияны градация арқылы өрбітіп, бірінен кейін бірі келген той қонақтарының жұпыны тартуларын шебер жинақтайды. Сол арқылы Төрәқұлдың ішкі жан-дүниесін күйзелтеді. Сырты бүтін, іші түтін Төрәқұлдың дел сал күйін ағып жатқан суды сылқ-сылқ күлдіріп, кейіптеу мен параллелизмді ұштастыру арқылы табиғат пен адамды қатар суреттеп, өткір сарказммен әжуалайды. Оқып отырып, еріксіз езу тартып, жымиясыз. Автордың шеберлігінен мін табу қиын. Пейзаж арқылы шығармаға, кейіпкеріне психологиялық шабуыл жасап, оның шарасыз хәлін жаныштайды. Оқиға желісі Тойға Төрәқұлдың көптен күткен қонағы Жеңісгүлдің келуімен дамиды. Не үшін көптен күткен қонақ? Себебі, Төрәқұлдың ойлауынша, той жасаймын деп арқалаған ауыр жүгін көтеруге көмек берер, ауқатты туысы - жиен қарындасы, Жеңісгүл. Құйрығын бұлаңдатып, иесіне еркелеген иттей, Жеңісгүлдің алдын орай Төрәқұлдың жалпақтауы, қапсыра құшақтап, сілекеймен бетін айран жалағандай айғыз-айғыз егуі арқылы суреттелген пейзаж арқылы кейіпкер мінезінің тағы бір қыры айқындалады. Осы сюжетте Жеңісгүлдің кеудеге таққан бриллиантының жоғалуы деталы бар. Детальдардың жиынтығы оқиғадағы тартысты дамытуға қызмет ететінін ескерсек, жазушы өте ұтымды тұста, детальді композицияға киноластырған. Оқиға желісінің шиеленісуі тост сөйлеуге шыққан Жеңісгүл кеудесіндегі бриллиант тасының жоғалғанын байқап, той шырқын бұза бастайды. Жеңісгүл үшін бұл тұста туысканның ынтымақ-берекесі, тату-тәттілігінің құны бір тиын. Жоғалған дүниесін іздеп тамадаға бір, жиен ағасына бір шаптығады. Тойдың шырқын бұзады. Оқиғаның шарықтау шегі тойға келген қонақтардың той соңына дейін күтпей, Жеңісгүлдің лаңынан кейін, жаппай кете бастауымен жалғасады. Оқиға Төрәгелді жездесінің мазак сыйлығын көріп, орындыққа сылқ етіп отыра кеткен басты кейіпкердің дәрменсіз хәлімен аяқталады. Шығарма композициясындағы оқиғалар желісі мен көркемдік детальдардың барлығын әңгімеге арқау болған мазмұнды ашуға ұтымды қолданылған.

Әңгіменің кейіпкерлер жүйесі біршама жинақы, сан жағынан саусақпен саналатындай мөлшерде болатындығы жанрлық ерекшеліктің бір шарттылығы. «Тәуекел той» әңгімесінде маңызды оқиғалар алты кейіпкердің төңірегінде өрбиді. Олар: Керімқұл, Төрәгелді, Жеңісгүл, Жетім бала, Төкен, тамада.

Керімқұл - әдістік тұрғыда реалистік образ, тек тұрғысынан эпикалық образ, тәсілдік тұрғыда юморлық образ. Реалистік образ деуіміз Керімқұл секілді адамдар тұрмысымызға дендеп кірген, тіпті, дағдымызға айналған дарақы тойға тиім болмаса, арамызда бүгінде бар, өмір сүре береді. Эпикалық образ деуіміз әңгіменің архитектурасы басты кейіпкер, той иесі, Керімқұлдың сан құбылған мінезін айқындауға құрылымдалған. Оқиға экспозициясындағы Төрәқұлдың айтқан ақылына місе тұтпай, қаперінде алмай, «Бес жүз адамға той жасаймын», «Менің есебім бойынша, ресторанның төлемінен артылып, өз қалтама қалады» [5,278],- деп баласына арналған жақсылықтан қалтасын қампитпақшы болған қитұрқы пайдакүнем, аярлық мінезі аңғарылады. Оған өзі жан-тәнімен сенеді. Оқиғаның даму барысында кейіпкердің портреті, мимикасы, қимыл-әрекеті :«Сидан бойлы, сіріңке қоңыр реңді, бурыл шашты Керімқұл ақ костюм, ақ көйлек, қара галстук тағып алып, егде тартқан жасына қарамай, ұшқыр аттай лапылдап, жайрандап, құрметті меймандардың алдынан шығып, айналасып, құшақтасып, құрмет көрсетіп-ақ жүр» [5, 279],-деп, суреттеп, Керімқұлдың барын киіп, бақаның қолына алып, ойына алған түп мақсатын көкірегіне қоя болып қатқан пайдакүнем іске асыруға деген сенімділігі тіпті де айқындала түседі. Кейіпкер психологиясын одан ары аша түсу үшін, тойға келе бастаған сенім артқан құрметті қонақтарының бастапқы сый-сыяпаттарына көңіл күйі ойпыл-тойпыл болып, ширьға түседі. Осыдан басты кейіпкердің қонақтарды той қуанышымен бөлісу үшін шақырмағандығын, ішіне бүккен пайдакүнем ойына жету үшін шақырғандығы айқындала түседі. Алғашқы сыйға әкелінген гүл, кәмпит, қой сияқты тұрмыстық элементтерді сый ретінде күтпеген Керімқұлдың басындағы ойдың құбылуын жазушы ішкі монолог арқылы: «Осыларды да бауыр, жанашыр дейді-ау, жұмыртқадан жүн қырыққан иттер. Бұларды туысқан деп несіне шақырдым?» [5,280],-деп, бейнелейді де, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, жақындардың арасындағы сыйластықты пайдакүнемдік байланыстың құралына айналдыруды ойлаған кейіпкердің рухани таяздығын, ой-өрісінің жайдақтығын айқын аңғартады. Осындай ойдың соңынан ерген адамдарда адамдарға деген мейірім, жылылық атаулыдан көкейінде жылт қалмайтындығын жетім бала мен қаңғыбас ит бейнесі арқылы көрнекілендіре түседі. Жұрттың қолындағы сый-құрметтен үміт үзген, қалтасындағы жұқа конверттерден сеніміне селкеу түскен бас кейіпкер ендігі бар үмітін, жиен қарындасы Жеңісгүлге артады. Мына ауыр дерттен құтқаратын Жеңісгүл көз алдына періштедей елестейді. Бірақ, тойдың топалаңын шығарған Жеңісгүлдің шын бейнесі айпарадай болғанда, тәуекелге бел бұған Керімқұлдың рухани қайыршы күйі айқындалады. Кейіпкердің юморлық бейнесі қалтаға түскен конверттің ішіндегі ақшаны санай алмай, қайта-қайта білгісі келіп, сыртын басып, сыйпалауы, еріксіз

езуге күлкі ұялатады. Дүниеге құныққан, одан аққан тер, еткен еңбектен емес, жеңіл пайдакүнемдік пен айлакерлік арқылы табуды ойлайтын, көзшіл тәуекелшіл таяз адамдардың бейнесін жазушы Керімқұл образы арқылы суреттеген. Осы Керімқұл бейнесін тіктеу үшін қосалқы кейіпкерлер мен пейзажды автор шебер қабыстыра білген.

Төкен басты кейіпкер Керімқұлдың аталас туысы, ағасы. Жақынына жанашыр, Өзіндік ұстанымы бар, ақылды адам бейнесінде суреттеледі.

Аталмыш әңгімедегі тағы бір кейіпкер дүниеқоңыз, пайдакүнем, мейірімсіз басты кейіпкердің психологиялық ерекшелігін айрықша ашуға септігін тигізген – қосалқы кейіпкер, қайыршы бала. Тағдырдың тауқыметін тартқан, әкеден жастайынан жетім қалған, күнелтуі қиындай түскен, мейірімсіз ортада көпке қолын жайып, мейірім тілеп, өлместің күнін кешкен, қайыршылықтың қалтасын көтерген, ішкі жан-дүниесі таза жетім бала Керімқұлдан жеку көріп, назаланады.

Қосалқы кейіпкер ретінде той тізгінін ұстаған өнерпаздардың көркем бейнесін жазушы шебер ашқан. Кезінде әншілер мен өнерпаздар ел аралап, жұрттың көкірегін нұрға бөлесе, бүгінгі әншісімақтар халықты алдап, қоңыртақ қалтасын тақырлаумен айналысып жүргенін деталь ретінде әңгімеде пайдаланады.

Көрінгеннен дәм еткен, алақұйын, алып қаш ішін ызғар жалаған Керімқұлдың характерін ашуға орасан үлес қосқан кейіпкердің тағы бірі – майдангер, пенсионер балдызымен ұдайы қалжыңдасып жүретін, темекі сатып күнелетінін Төрегелді. Ұлттық болмыстың бейнесі бар Төрегелді, қазақи қалжыңға сүйеп, балдызын тақырға отырғызады.

Әңгіменің тағы бір реалистік образы Керімқұлдың жиен қарындасы, бірнеше баланың анасы – Жеңісгүл. Әсемдікке бой алдырған, сәнқой, тән сұлулығына құмартқан, ішкі жан-дүниесі таяз, шайпау, шарқыш, жала жапқыш, пәлекор әйел бейнесінде суреттеледі. Ол өзгелерге сұлу ажарлы болып көріну үшін, бетіне бес баттам бояу жағады (жасына сай келмеседе). Өзге әйелдерден ауқатты, үстем кербез көріну үшін өн бойына алтын әшекейлерді, асыл тастарды көмкере тағады. Сыртқы келбеті - осы. Ішкі жан дүниесіне үңілсек қазақи әдеп-ибадан жұрдай, шарқая-шарқыш мінезімен, пәлекор, жалақор характері бейнеленеді.

Жаңа жазылған шығармаларда бұрынғылармен салыстырғанда еш өзгешелік, ерекшелік жоқ. Тақырып, мазмұн жағынан болмаса. Дәстүрлі, классикалық әңгімелер. Жазу техникасына мін тағу қиын[6,173].

Әңгіме жанрында жазушының шеберлігін байқататын белгілер: дәлдік, қысқалық, тіл. Жазушының қысқалығы бір ауыз сөзге кең мағына дарытуында, бұл тұрғыда Шерхан Мұртазаның ойды жүйелеп, сөзді дәл қолдану машығы жындар бойы еткен еңбектің жемісі. Жазушының кейіпкердің экспрессивті-эмоцияналды халін нанымды бейнелеп жазу үшін, айшықты теңеулерді орынды қолданады. Мысалы, «... Керімқұл шоқ басып алғандай шошып кетті» [5, 277],- деген үзіндіде, адамға физиологиясына сыртқы дененің тигізген әсеріне ми рефлекстерінің шартты жауап қату ақиқатын көркем шындық поэтикасымен бір саты жоғары көтереді. Айта-айта жауыр болған теңеулерді қолданудан гөрі, автор жаңа теңеулерді табу үшін үнемі көркемдік ізденіс үстінде жүреді. Әңгіме кейіпкері айлакер Төрегелдінің сыртқы портретін жасағанда жазушы: «Қаншырдай қара шал» теңеуін қолданады. Осындағы қаншырдай сөзі ұрғашы арыстан мағынасын білдіреді. Қаншырдың әккілі мен айлакерлігін кейіпкер мінезімен ұштастыру жазушының сөз қолданудағы қысқалығы мен дәлдігінің белгісі. Заттың не құбылыстың айрықша белгісін сипаттайтын суретті сөздерде әңгімеде баршылық. Әңгімедегі эпитеттер: «Сидан қол, сипа терек, жасыл шырша, қызыл-жасыл шатырлар, сіріңке қоңыр реңді, бурыл шаш, ақ костюм, ақ көйлек, қара галстук, бурыл шоқша сақал, ұшқыр ат, өрім тал, қоңқақ мұрын, тыртық тақырбас, алып қаш мінез, ала құйын мінез, бадырақтау бақа көз.» [5, 277-288] шығармаға жаңа рең, жаңа дем беріп тұрғандай. Құбылыстар мен заттарды айшықты бейнесіне байланысты сөздермен ауыстыра қолдануда әңгімеде шебер қолданылған. «-Е, студенттің шыбығы сыздамай ма екен? Он үшінде отау иесі деген.» [5,277] . Аталған сөйлемдегі шыбық сөзіне метафоралық тұрғыдан адамның анатомиялық мүше атауымен ауыстырып қолдану, жазушының көркемдік ізденісін тағы да дәлелдей түскендей. «Сүмбіл шам тал»,- деп, эпитетті, метофораны да орынды қолданған. Көңілі қалған қонақтарды «ит» сөзімен ауыстырып, жинақы метафора жасалған. Табиғатқа жан бітіріп: «Таластан бөлініп аққан ботана су сыл-сылқ күлді»,- дей келе, кейіптеу арқылы тірі сурет салады. Жазушының шымыр да, ширақы тілі әңгіменің эстетикалық құндылығын арттырған үстіне арттыра береді.

**Қорытынды.** Шығарманың композициясы ширақ, атап өткеніміздей, диалогтар характер жасауда ұтымды қызмет атқарып тұр. Әңгіменің айтар ойы анық, идеясы қанық. Болған оқиғаны болғанындай баяндап берген сияқты. Күнде болмаса да, жиі куә болып жүрген жай. Өмірдің өзінен ойып алғандай шынайы, сенімді. Әрине, қызыққа, қуанышқа шашылған малда не арман бар. Бірақ, бәрі орнымен болса. Егер жағдайы көтермесе соншама ашылып-шашылудың не керегі бар?! Мақтан ба? Иә, мақтан үшін. Бес жүз адамға той жасап, абыройымды бір асырайын деп ойлаған Керімқұлдың тойы той сыйқы болмай, өзінің де, жиналған қонақтардың да берекесі қашып, жұрт алдында әбден масқарасы шығып, абыройы айрандай төгіледі. Бұл қазақи дарақылдық. Осыны қаламгер ұлтты тілмен жеткізе білген [6,174] . Шығарманың сюжеті мен композициясын, образдар жүйесін талдай отырып, бәріне ақша үстемдік еткен, барлығын ақша шешетін, бүгінгі заманда қазақи этиканың, салт-дәстүр мен қарым-қатынастың кетеуі кетіп, селкеуі молайған тұста, Шер ағанның «Әттең, бір кем дүние-ай!» - деген философиялық шерлі толғамы, терең ойға жетелейді. Шығарманың басты идеясы – соңғы кездегі қазақ тойларында белең алып, асқынып кеткен мақтаншақтық, ысырапшылдық, дарақылдық мінездерді ащы мысқылмен әжуалай отырып, халықты ақылға, ынсапқа, қанағатқа шақыру.

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Санат,2007.-360 бет.
- 2 Мақырұлы С. Адамтану өнері. Филология факультетері студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы: Арыс,2009.-214 бет.
- 3 Моэм В.С. Записные книжки//Литературное обозрение.-1999.-№4
- 4 Қазақ әдеби тілінің түсіндірмелі сөздігі. 9-том. Алматы: «Арыс» баспасы,200.ж.- 764 - бет.
- 5 Мұртаза Ш. Соғыстың соңғы жесірі. Алматы: Атамұра,2003.-261 бет.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы.10-том. Алматы : «ҚАЗАҚПАРАТ»баспасы, 2005ж.-528бет.

References:

1. Qabdolov Z. Söz öneri.- Almaty: Sanat,2007.-360 bet.
2. Maқыrұly S. Adamtanu öneri. Filologia fakülteteri studentterine arналған оqu құraly.-Almaty: Arys,2009.-214 bet.
3. Moem V.S. Zapisnye knijki//Literaturnoe obozrenie.-1999.-№4
4. Qazaq ädebi tiliniñ tüsındirmeli sözdıgı. 9-tom. Almaty: «Arys» baspasy,200.j.- 764 - bet.
5. Mürtaza Ş. Soğystıñ soñğy jesırı. Almaty: Atamūra,2003.-261 bet.
6. Qazaq ädebiatiniñ tarihy.10-tom. Almaty : «QAZAQPARAT»baspasy, 2005j.-528bet

МРНТИ 17.09.91

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.52>

*Кайранбаева Н.,<sup>1</sup>Шадкам З.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

## ХАЗІРЕТ ӘЛИ ДАСТАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НҮСҚАЛАРЫ

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада батырлық жырлардың дәстүрімен тікелей үндесіп, қалыптасып, қатар дамып келген қазақ дастандарының маңызды бөлігі болып табылатын діни дастандардағы Хазірет Әлидің соғыстары мен батырлық жырлары қарастырылады. Араб-парсы әдеби шығармалары арқылы қазақ әдебиетінде көрініс тапқан діни дастандардың қазақ халқына қонымды және түсінікті болу үшін оларды жырлаған қазақ ақындары мен жыраулары оларға қазақи реңк беріп отырған. Мақалада қазақ даласында кездесетін діни дастандардың ішінде Хазірет Әлидің батырлық жырларының мазмұндық, тарихи, тілдік тұрғыдан ерекшеліктерін мысалдармен қарастыруға тырыстық. Сонымен қатар Қазақстандағы Хазірет Әлидің батырлық жырларына шолу жасап, ХІХ-шы ғасырда шағатай тілінде проза түрінде жазылған “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” атты қолжазба дастанын сипаттап таныстыруды мақсат етіп отырмыз.

**Түйін сөздер:** Батырлық жырлар, діни дастандар, Хазірет Әли соғыстары, Қисса Салсал, Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан

*Kairanbayeva N.,<sup>1</sup> Shadkam Z.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan*

## VERSIONS OF HAZRAT ALI'S EPICS IN KAZAKHSTAN

### *Abstract*

This article examines the religious and heroic epics of Hazrat Ali, which constitute an important part of the Kazakh epic and are in direct harmony with the tradition of heroic poetry. Kazakh poets and zhyraus, who wrote religious epics in Kazakh literature through Arabic-Persian literary works, gave them a national shade to make them understandable and accessible to the local people. In the article, we tried to consider the semantic, historical, and linguistic features of the heroic dastans of Hazrat Ali among the religious epics found in the Kazakh steppes. Having made an overview of the heroic poems of Hazrat Ali in Kazakhstan, we also sought to present and describe the written manuscript "Kissa-i Djangname-i Risale-i Shah-i Mardan", written in prose in the Chagatai language in the 19<sup>th</sup> century.

**Keywords:** Heroic songs, religious epics, the wars of Hazrat Ali, Kissa Salsal, Kissa-i Djangname-i Risale-i Shah-i Mardan